

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа
---	---	---------------------------------

БЕКІТЕМІН
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Басқарма төрағасы- ректоры м.у.а.

_____ **Қ.Нұрманбетов**
«__» _____ **2023 ж.**

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ КІРМЕ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ БАР-ЖОҒЫН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚУ Е 8.14-2023

Тіркеу № _____

Көшірме № _____

<p>Жобаны енгізуші: Стратегиялық даму департаментінің директоры _____ С.Джунусбекова «__» _____ 2023ж.</p> <p>СЖЖСМО басшысы м.а. _____ Е.Махашов «__» _____ 2023ж.</p> <p>АБ басшысы м.а. _____ Е.Алжанов «__» _____ 2023ж.</p>	<p>Келісілді: Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор _____ А.Искакова «__» _____ 2023ж.</p> <p>Академиялық мәселелері жөніндегі департамент директоры _____ А.Наукенова «__» _____ 2023ж.</p> <p>Әкімшілік департаментінің директоры _____ М.Чингизбаев «__» _____ 2023ж.</p> <p>Заң бөлімінің басшысы _____ А.Сартаев «__» _____ 2023ж.</p>	<p>Енгізілді: Бұйрық № _____</p> <p>Енгізу күні: «__» _____ 2023ж.</p>
--	---	--

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 2 беті
---	---	---

Мазмұны

1. Қолдану саласы	3
2. Нормативтік сілтемелер	3
3. Терминдер мен анықтамалар	3
4. Белгілеулер мен қысқартулар	5
5. Жауапкершілік және өкілеттіліктер	6
6. Процесс сипаттамасы	6
А қосымшасы. Жазбаша жұмысты плагиатқа қарсы жүйесінде тексеру жүргізу процедурасымен танысу үшін өтініш үлгісі	14
Б қосымшасы. Апелляцияға өтініш беру формасы	15
В қосымшасы. Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын плагиатқа қарсы жүйесінде тексеруді тіркеу журналының үлгісі	16
Г қосымшасы. ПОҚ жазбаша жұмыстарын плагиатқа қарсы жүйесінде тексеруді тіркеу журналының үлгісі	18
Д қосымшасы. Плагиатқа қарсы тексеру Анықтамасының формасы	20
Е қосымшасы. Жазбаша жұмыстардың тексеру процедурасы бұзылғаны туралы акт үлгісі	21
Ж қосымшасы. Жазбаша емтихан нәтижелерін жою туралы акт үлгісі	22
И қосымшасы. Өзгертулерді тіркеу парағы	23

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 3 беті
---	---	---

1. Қолдану саласы

1.1. Осы «М.Әуезов атындағы ОҚУ» ҚЕАҚ -да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы» ережесі (бұдан әрі - Ереже) плагиатқа қарсы жүйе базасымен жазбаша құжаттардағы (студенттер орындайтын бітіру біліктілік жұмыстары, университеттің магистранттары мен докторанттары (бұдан әрі-білім алушылар) орындайтын магистрлік және докторлық диссертациялық жұмыстар, ПОҚ-тың кітап басылымдары мен жарияланымдары, монографиялар және т.б.) мәтінінде жарияланған дереккөздердегі материалдарды заңсыз пайдалануды анықтау және тексеру тәртібін белгілеу мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже авторлық құқық нысаны болып табылады және оны университеттің Басқарма төрағасы - ректордың рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге жол берілмейді.

2. Нормативтік сілтемелер

Ереже төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен, жаңа редакцияда-кр ғылым және жоғары білім министрінің 19.01.2023 № 21 бұйрығымен;

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен, өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы №23 бұйрығымен бекітілген;

- Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен, өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 79 бұйрығымен бекітілген:

- ОҚУ Академиялық саясатына;

- Академиялық адалдық ережелеріне сәйкес.

3. Терминдер мен анықтамалар

Ережеде КР СТ ИСО 9000:2017 бойынша берілген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Бұл Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қосымша пайдаланылады:

Академиялық адалдық: Жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, диплом, диссертациялық) орындауда, емтиханда жауап беруде, зерттеулерде, өз

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 4 беті
---	---	---

ұстанымын жеткізуде, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынастарында, сондай-ақ бағалауда - білім алушының оқудағы адалдығын бейнелейтін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы;

Жазбаша жұмыстарға білім алушының білімін аралық және қорытынды бақылауда, сонымен қатар қорытынды және біліктілігін сынау барысында орындаған барлық жазбаша жұмыстары жатады. Оған оқу жоспарында қарастырылған үй тапсырмалары, бақылау жұмыстары, шығармалар, рефераттар, курстық, бакалаврлық, дипломдық және басқа жазба жұмыстары (сондай-ақ электронды тасымалдағыштарды), емтихан, сынақ және коллоквиум, магистрлік, докторлық диссертацияны орындау кезіндегі тапсырмалар кіреді. Барлық жазбаша жұмыстар өз бетінше орындалуы тиіс. Сонымен қатар, жазбаша жұмыстарға оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар және профессор-оқытушылар құрамының (ОПҚ) оқу-әдістемелік жұмыстары кіреді;

Курстық жұмыс (жоба): Студенттердің сәйкесінше пәнді оқудағы қорытынды кезең болып табылады және нақты міндеттерді шешуде алған білімдердің бекітуге, терендете меңгеруге, тұжырымдауға және қолдана білуге ықпал етуі тиіс.

Дипломдық жұмыс (жоба): Таңдаған мамандық саласындағы өзекті мәселені студенттің және курсанттың (ары қарай - студент) өз бетінше зерделеуі нәтижесінде талдап қорытуы ретіндегі бітіру жұмысы;

Магистрлік диссертация: Ғылымның замануи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерге негізделген таңдалған мамандық саласындағы өзекті мәселелерді теориялық және/немесе тәжірибелі даярлаудан тұратын өз бетінше ғылыми зерттеу ретінде ғылыми-педагогикалық магистратура бойынша магистрантының бітіру жұмысы;

Магистрлік жоба: Таңдаған мамандық бойынша өзекті мәселенің қолданбалы міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін теориялық немесе тәжірибелік нәтижелерден тұратын өз бетінше зерттеу түріндегі бейіндік магистратура магистрантының бітіру біліктілік жұмысы;

Докторлық диссертация: ғылыми дәреже алу үшін көпшілік алдында қорғауға даярланған ғылыми еңбек; ғылыми дәреже алу үшін міндетті әдеби және ғылыми тақырыптарға жазылған шығарманы көпшілік алдында қорғау жүйесі.

Оқулық: ҚР МЖМБС-на, типтік оқу жоспарына, типтік оқу бағдарламасына және оқу басылымының осындай түрі ретінде ресми бекітілген құжаттарға сәйкес оқу пәнін жүйелі мазмұндаудан тұратын оқу басылымының түрі;

Оқу құралы: Оқу басылымының аталған түрі ретінде ресми бекітілген оқулықты толықтай немесе жартылай алмастыратын оқу басылымы;

Қазақстан Республикасы ҒжЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 5 беті
---	---	---

Оқу-әдістемелік құрал: Оқу басылымының осындай түрі ретінде ресми бекітілген және оқу пәнін жекелеген элементтерін қарастыру мақсатындағы оқулықты толықтыратын немесе жартылай алмастыратын оқу пәні бөлігін жүйелі мазмұндаудан тұратын оқу басылымының түрі;

Көшіріліп алынған мәтін: Бөгде зияткерлік еңбек өнімін мазмұндау немесе дәйексөз түрлерін жазба жұмыстарында заңды немесе заңсыз пайдалану.

Дұрыс дәйектеу: Дәйексөз мақсатына сай келемде шығарма атауын, автор атын көрсете отырып, мәтіннен үзінді келтіру.

Дұрыс емес дәйектеу: Дәйексөз мақсатына сай емес көлемде шығарма атауын, автор атын көрсетпестен, мәтіннен үзінді келтіру.

Плагиат: Бөтен шығарманың авторлығын қасақана иемдену немесе авторға сілтеме жасамай, бөтен шығарманы өз шығармасында пайдалану.

4. Белгілеулер мен қысқартулар

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ОҚУ - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті;

ҒжЖБМ - Ғылым және Жоғары Білім Министрлігі;

СББӨ - сапа бойынша басшылық өкілі;

НҚ – нормативтік құжаттар;

СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;

ОжОӘЖ - оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар;

СДЖИ - стратегиялық даму және интернационалдандыру;

ЦД – цифрландыру департаменті;

КТТжЦО - компьютерлік технология, телекоммуникация және цифрландыру орталығы;

АкМЖД - академиялық мәселелер жөніндегі департамент;

ОӨО - оқу-әдістемелік орталық;

ЖБ және ЖООКББ МЖМБС – жоғары білім мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты;

КЖ (КЖ) - курстық жұмыс /курстық жоба/;

ДЖ (ДЖ) - дипломдық жұмыс /дипломдық жоба/;

ПОҚ - профессор оқытушы құрамы.

АБ – Антиплагиат бөлімі.

5. Жауапкершілік және өкілеттіліктер

5.1. Ережені ОҚУ Басқарма Төрағасы - ректоры бекітеді.

5.2. Ережеде көрсетілген талаптарды ендіру мен басқаруға сапа бойынша басшылықтың өкілі жауапты.

5.3 Ереже талаптарының заңнамалық және реттестіруші талаптарға сәйкестігіне әзірлеуші жауапты.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 6 беті
---	---	---

5.4 Ереже жетекшісі - Антиплагиат бөлімінің басшысы болып табылады.

5.5. Ереже талаптарының орындалуына сарапшылар (плагиатқа қарсы жауапты), бөлім, кафедра, деканат басшылары және жауапты тұлғалар жауапкершілікте болады.

5.6 Ережеге өзгертулерді «Өзгерістерді тіркеу парағында» **(И қосымшасы)** міндетті түрде белгілеу арқылы СДД директоры енгізеді.

6. Процесс сипаттамасы

6.1. Жалпы ережелер

6.1.1. Ереже оқу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың дербестігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, білім алушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыруға, сондай-ақ қызметкерлердің жаңа білім алуы мен қолдануына, азаматтар мен заңды тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтауға бағытталған білім беру және ғылыми қызметті ұйымдастыру сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында енгізіледі.

6.1.2. Осы Ереже университеттің Жарғысына сәйкес келетін білім беру, ғылыми -зерттеу және басқа да қызмет түрлеріне тартылған университеттің барлық құрылымдық бөлімшелеріне (бұдан әрі-бөлімше) қолданылады.

6.1.3. Жазылған материалдар мен жазбаша жұмыстардың төлдаралығын анықтау үшін плагиатқа қарсы интернет жүйесі қолданылады.

6.1.4. Плагиатқа қарсы жүйесі негізі мәтіндік құжаттарды салыстыруға арналған онлайн құрал болып табылады.

6.1.5. Кірме материалдарға тексеру жүргізу бойынша жұмысты үйлестіруді және бақылауды СДД-нің плагиатқа қарсы бөлімінің қызметкерлері жүзеге асырады.

6.1.6. Құжаттарды плагиатқа қарсы интернет жүйесі арқылы олардың түрлеріне қарай тікелей тексеруді, Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалатын сарапшылар (кафедралардағы жауаптылар) жүзеге асырады.

6.2. Тексеру жүргізудің ережесі

6.2.1. Оқу жұмыстарының мынадай түрлері міндетті тексеруге жатады:

- білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар);
- оқу-әдістемелік басылымдар (оқулықтар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар);
- Ғылыми жұмыстар (монографиялар);
- ғылыми-әдістемелік және ғылыми басылымдарда жариялау үшін білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлер ұсынатын мақалалар;
- білім алушылардың жазбаша жұмыстары (емтихандар).

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 7 беті
---	---	---

Автордың жеке өтініші негізінде және Басқарма Төрағасы-ректордың шешімі бойынша шарттық негізде басқа ғылыми басылымдарда жариялау үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстар тексерілуі мүмкін.

6.2.2. Жұмыстарды тексеру автордың белгіленген үлгі бойынша жеке өтініші (**А қосымшасы**) негізінде жүргізіледі, онда оның плагиатқа қарсы жүйе базасында төлдаралығын тексеру ресімімен танысқаны расталады.

Өтініштің немесе электрондық нұсқаның болмауы автоматты түрде диссертацияның немесе магистрлік және докторлық диссертациялардың қорғауға жіберілмеуіне әкеледі.

6.2.3 **«Антиплагиат» жүйесінде қолданушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру екі реттен артық жүргізілмейді.** Плагиатқа қарсы үшінші тексеру - ақылы негізде жүргізіледі.

6.2.4 **«Антиплагиат» жүйесі бойынша тексеруге жазбаша жұмыстарды ұсыну тәртібі келесідей мерзімдерде белгіленеді:**

➤ ОҚУ-да білім алушылардың жазбаша жұмыстарын (курстық жұмыстар (жобалар)) тексеруге қабылдау, кафедралардың оқу жоспары бойынша бекітілген кестеге сәйкес, қорғау басталғанға дейін 14 күн бұрын басталып, 3 күн қалғанда аяқталады;

➤ білім алушылардың жазбаша жұмыстары (дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар)) - тексеруге қабылдау ОҚУ кафедралары бойынша бекітілген кестеге сәйкес қорытынды аттестаттау (аттестаттау комиссиясының жұмысы) басталғанға дейін бір ай бұрын басталады және бір апта бұрын аяқталады;

➤ ғылыми жұмыстар (жарияланымдар) - жарияланымдардың қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін түсіміне қарай, 10 күннен кешіктірмей;

➤ докторлық диссертациялар- түсіміне қарай;

➤ оқу-әдістемелік басылымдар- түсіміне қарай;

➤ монографиялар- түсіміне қарай;

6.2.5 Плагиатқа қарсы жүйені пайдалана отырып тексеруге арналған жұмыстар тексеруді жүзеге асыратын сарапшыларға (кафедра бойынша жауапты тұлғаларға) doc, docx, rtf форматтарында электрондық түрде тапсырылады.

6.2.6 **Плагиатқа қарсы жүйені тексеру үшін келесі мерзімдер белгіленеді:**

➤ білім алушылардың жазбаша жұмыстары (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) – жұмысты тексеруге тапсырған күннен бастап 1 жұмыс күн;

➤ ғылыми жұмыстар (жарияланымдар) - жұмысты тексеруге тапсырған күннен бастап 2 жұмыс күннен аспайды;

➤ диссертация - жұмысты тексеруге тапсырған күннен бастап 1 жұмыс күннен артық емес;

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 8 беті
---	---	---

➤ оқу - әдістемелік басылымдар- жұмысты тексеруге тапсырған сәттен бастап 2 жұмыс күннен кешіктірмей.

6.2.7 Жұмысты бағалау критерийлері

Оң нәтиже көрсеткен жұмыс келесі критерийлерге сәйкес келеді:

Білім алушылардың жазбаша жұмыстары:

- жазбаша емтихандар- мәтіннің төлдаралығы кемінде 40% ;
- курстық жұмыстар (жобалар) - мәтіннің төлдаралығы кемінде 30% ;
- дипломдық жұмыстар (жобалар) - мәтіннің төлдаралығы кемінде 50% ;
- магистрлік диссертациялар- мәтіннің төлдаралығы кемінде 60% ;
- докторлық диссертациялар- мәтіннің төлдаралығы кемінде 80% ;

Жұмыстарды бағалау критерийлеріне өзгерістер М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.

Ғылыми жұмыстар:

- Жарияланымға ұсынылатын ғылыми мақалалар- мәтіннің төлдаралығы кемінде 60 % ;
- Оқу - әдістемелік және ғылыми әдебиеттер, басылымға ұсынылатын оқулықтар мен оқу құралдары, монографиялар- мәтіннің төлдаралығы кемінде 70% болуы тиіс.

Тексеру үшін ұсынылатын материалдарда, кірме материалдардың Ережеде белгіленген пайызынан (үлесінен) асатын көлемде плагиаттың болуы, оны қорғаудың (жарияланымның шығуына) теріс шешім қабылдауға негіз болады.

6.2.8. Жұмыс авторлары антиплагиат жүйесінің базасын пайдалана отырып тексеруден өтпеген жағдайда, белгіленген мерзімде қайта жөндеуге және тексеруге құқығы бар. Автор жұмысын қайта қарап, жөндеу кезінде плагиатқа қарсы жүйе базасында тексеру алгоритмдерін айналып өтуге бағытталған өзгерістер жасамауы керек. Тексеру алгоритмін айналып өту мақсатында өзгертілген жұмыс, қайта тексеруге жіберілмейді.

6.2.9. Плагиатқа қарсы жүйе базасын пайдалана отырып, қайта тексеру кезінде, жұмыс теріс қорытынды алған жағдайда, оны қорғауға (конкурсқа қатысуға, жарияланымға) жол берілмейді.

6.2.10. Егер автор курстық, дипломдық, магистрлік және докторлық жұмыстарды (жобаларды) плагиаттың бар-жоғына тексеру барысында теріс қорытындымен келіспеген жағдайда, **Б қосымшасында** көрсетілген жазбаша өтініші негізінде, кафедра меңгерушісі сараптамалық комиссия тағайындайды. Жұмысты қорғауға (жариялауға, алдын ала сараптамаға) жіберу туралы түпкілікті шешім, кафедра отырысында сарапшылардың қорытындысы негізінде қабылданады.

6.2.11. Плагиатқа қарсы жүйе базасын пайдалана отырып, жұмыстың тексерілгені туралы Анықтама, ал сараптамалық тексеру жағдайында-сарапшылардың қорытындысы, басшының пікірімен (рецензиямен) бірге жұмысқа салынады (**Д қосымшасы**)

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 9 беті
---	---	---

6.2.12. Ұсынылатын біліктілік, диссертациялық, ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы кірме материалдардың мәтіндегі көлемі - мекемелердің, мемлекеттік билік органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару орындарының атауларын; нормативтік құқықтық актілерге сілтемелердің; заң мәтіндерін; әдебиеттер тізімін; қайталауларды, оның ішінде жиі қайталанатын тұрақты тіркестерді, құқықтық және экономикалық терминдерді: мәтінді дәйексөздеуді, оларды талдау үшін құжаттардан үзінділерді, сондай-ақ өзін-өзі дәйексөздеуді және т.б. көздейтін жағдайда, мәтіннің төлдаралығы осы Ереженің 6.2.10-тармағымен сәйкес қарастырылады.

6.3. Жазбаша жұмыстарды тексеру тәртібі

6.3.1. Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру (курстық және дипломдық жұмыстар (жобалар))

6.3.1.1. Курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) кірме материалдардың бар-жоғына (антиплагиатқа) тексеруді университеттің бітіруші кафедралары қамтамасыз етеді.

6.3.1.2. Студенттердің курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қабылдауды, жұмыстардың төлдаралығын тексеруді бітіруші кафедрасының сарапшысы осы Ережеде белгіленген жазбаша курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) тапсыру мерзіміне сәйкес жүзеге асырады.

Жазбаша жұмыстарды- курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қабылдауды және кірме материалдарының бар-жоғын тексеруді жүзеге асыратын сарапшылар М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Басқарма Төрағасы – ректорының бұйрығымен, бітіруші кафедра меңгерушілерінің келісімі бойынша тағайындалады.

6.3.1.3. Жазбаша курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) тексеру үшін қағаз нұсқасы да, электрондық нұсқасы да қабылданады.

➤ Жазбаша курстық, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тек қағаз түріндегі немесе электрондық нұсқасын қабылдауға жол берілмейді.

➤ Студент плагиатты анықтау және алдын алу мақсатында, нормабақылаудан өткен жазбаша және электронды түрдегі жұмыс мәтінінің соңғы нұсқасын кафедрадағы сарапшыға тапсыруы тиіс.

6.3.1.4. Жазбаша курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қабылдау тапсырушы тұлға (түлек) жеке басын куәландыратын құжатты (паспортты) және өтінішті (**А қосымшасы**) ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

6.3.1.5. Жазбаша курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) тексеруге қабылдау фактісін сарапшы, білім алушылардың жазбаша жұмыстарын антиплагиат жүйесінде кірме материалдардың бар-жоғын тексеруді тіркеу журналына (**В қосымшасы**) сарапшы тиісті жазбасын енгізу жолымен тіркейді және кафедра сарапшысы мен студенттің жеке қолдарымен расталады.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 10 беті
---	---	--

Жазбаша курстық, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қабылдау кезінде кафедра сарапшысы жазбаша курстық, дипломдық жұмысты (жобаны) жеке есепке алу нөмірін береді, ол журналға (**В қосымшасына**) енгізіледі және студентке мәлімет үшін хабарланады.

6.3.1.6 Осы Ережеде белгіленген мерзімде плагиатқа қарсы жүйенің базасында жазбаша курстық жұмысты, дипломдық жұмысты (жобаларды) тексеруге уақтылы ұсыну жауапкершілігі студентке жүктеледі.

6.3.1.7. Сарапшылар жазбаша жұмыстардың қағаз және электрондық нұсқаларының толық сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Тексеру жүргізу мерзімі: жазбаша жұмыстар алынған жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

6.3.1.8. Жазбаша жұмыстардың қағаз және электрондық нұсқалары арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда, кафедра сарапшысы олардың авторларымен жазбаша жұмыстардың тиісті нұсқасы туралы мәселені шешу үшін, жұмыстарды ғылыми жетекшіге қайтаруға міндетті.

6.3.1.9. Антиплагиат жүйесінің сарапшылары курстық, дипломдық жұмысты (жобаны) плагиат тұрғысынан тексеруден өткені туралы анықтаманы жазып, оны студентке береді.

6.3.1.10. Студент өзі орындаған жұмыста кірме материалдарының бар-жоғын тексеру нәтижелерімен танысуға құқылы.

6.3.1.11. Жазбаша курстық, дипломдық жұмыс (жоба) осы Ережедегі мәтіннің төлдаралығына қойылатын талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, студент бұрын белгіленген тақырыпты сақтай отырып, жұмысты міндетті түрде жөндеп және қайта тексеріп, белгіленген мерзімде ұсынуы тиіс.

6.3.1.12. Егер жұмысты қайта тексергеннен кейін плагиат жойылмаса немесе студент әртүрлі себептермен Ережеде белгіленген мерзімде плагиатты жоя алмаса, жұмысты қорғауға рұқсат етілмейді, қайта өңделуі тиіс және жұмысты қорғау - Университет әкімшілігі белгілеген басқа мерзімге ауыстырылады.

6.3.1.13. Білім алушы плагиатқа қарсы жүйе базасындағы жазбаша жұмысты тексеру нәтижелері бойынша келіспеген жағдайда, жазбаша жұмыс орындалатын кафедра меңгерушісі осы Ережелердің 6.2.10. - 6.2.11. тармақтарына сәйкес, жұмысты плагиаттың бар-жоғын қайта тексеру үшін комиссия тағайындайды.

6.3.2. Диссертацияларды тексеру

6.3.2.1. Диссертацияның авторы алдын-ала плагиатқа қарсы жүйенің базасын қолдана отырып, жұмыстағы кірме материалдың бар-жоғын тексереді.

6.3.2.2. Антиплагиат жүйесінің базасында диссертациялардағы кірме материалдың бар-жоғын тексеруді бітіруші кафедраның сарапшысы, өтінішті қабылдағаннан кейін жүргізеді (**А қосымшасы**).

6.3.2.3. Диссертация мәтінінің өзіндік төлдаралығы белгіленген нормаларға сәйкес келмеген жағдайда, жұмыс авторға жазбаша ескертулермен және тексеру анықтамасымен қайта қарастыруға (жөндеуге) қайтарылады.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 11 беті
---	---	--

6.3.2.4. Диссертациялық жұмыстарды (жобаларды) тексеруге қабылдау фактісін сарапшы, білім алушылардың жазбаша жұмыстарын антиплагиат жүйесінде кірме материалдардың бар-жоғын тексеруді тіркеу журналына (**В қосымшасы**) тиісті жазбасын енгізу жолымен тіркейді. Диссертациялық жұмыстарды (жобаларды) қабылдау ресімі, кафедра сарапшысының және білім алушының жеке қолдарымен расталады.

6.3.3. Жарияланымға ұсынылған мақалаларды тексеру

6.3.3.1. Ғылыми мақаланың авторы, оны журналдардың шығу кестесінде белгіленген мерзімде және ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес баспа және электронды түрде ұсынады. Ғылыми мақаланы плагиатқа тексеруді, автор жұмыс атқаратын кафедра сарапшысы жүргізеді, ал ПОҚ-на кірмейтін авторлар, ғылыми мақалаларын Антиплагиат бөліміне ұсынады.

Ғылыми мақаланы тексеруге қабылдау фактісін сарапшы, ПОҚ жазбаша жұмыстарын антиплагиат жүйесінде кірме материалдардың бар-жоғын тексеруді тіркеу журналына (**Г қосымшасы**) тиісті жазбасын енгізу жолымен тіркейді және сарапшы мен автордың жеке қолымен расталады.

6.3.3.2. Жұмыстың төлдаралығы бекітілген нормасына сәйкес келмеген жағдайда, ол қайта тексерумен жөндеуге жіберіледі.

6.3.4. Басылымға ұсынылатын оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді тексеру

6.3.4.1. Оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдар әр жылға бекітілетін жұмыстарды шығару жоспарында белгіленген мерзімге сәйкес, автор жұмыс атқаратын кафедра сарапшысына баспа және электрондық түрде ұсынылады. ПОҚ-қа кірмейтін авторлар оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдарын Антиплагиат бөліміне ұсынады.

6.3.4.2. Сарапшы плагиатқа қарсы жүйенің көмегімен оқу-әдістемелік басылымдар келіп түскен сәттен бастап, 2 жұмыс күні ішінде тексеруді ұйымдастырады және тексеру туралы анықтама береді. Оқу-әдістемелік басылымды тексеруге қабылдау фактісін, сарапшы ПОҚ жазбаша жұмыстарын антиплагиат жүйесінде кірме материалдардың бар-жоғын тексеруді тіркеу журналына (**Г қосымшасы**) тиісті жазбасын енгізу жолымен тіркейді және сарапшы мен автордың жеке қолдарымен расталады.

6.3.4.3. Оқу-әдістемелік және ғылыми басылым мәтінінің төлдаралығы белгіленген деңгейге сәйкес келмеген жағдайда, жұмыс жазбаша негіздемемен жөндеуге және қайта тексеруге авторға қайтарылады.

6.3.4.4. Автор жұмысты қайтару туралы шешіммен келіспеген жағдайда, осы Ереженің 6.2.10. - 6.2.12 тармақтарына сәйкес, басылым мәселесі кафедрада шешіледі.

6.3.5. Жазбаша түрде алынатын емтихандар

6.3.5.1. Емтихандар компьютер пернетақтасында (ұялы телефон және т.б.) механикалық жауап теру арқылы жазбаша түрде тапсырылады.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 12 беті
---	---	--

Кіру білім алушының жеке кабинетіде логин мен парольді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

6.3.5.2. Білім алушылардың барлық механикалық терілген жазбаша жұмыстары ЖОО АЖ-да сақталады. Жазбаша жұмыстың төлдаралығы тексеруден өткеннен кейін, білім алушы жеке кабинетінде тексеру нәтижесі туралы анықтаманы қарауға мүмкіндігі болады.

6.3.5.3. Бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатымен, барлық жазбаша жұмыстар автоматты түрде кодталады (ТАӘ мен оқыту тобының орнына жазбаша жұмысқа белгілі бір нөмір беру).

Білім алушының жазбаша жұмысы енгізу аяқталғаннан кейін автоматты түрде portal.ukgu.kz –пен интеграцияланған ukgu-kz.antiplagiat.ru базасына жіберіледі, мұнда білім алушының жұмысы плагиатқа қарсы жүйемен тексеріледі.

6.3.5.4. Білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстары емтихан алушыға түседі. Егер білім алушының жазбаша жұмысы төлдаралық шегінен өткен болса, онда ол бағаланады.

Білім алушының жазбаша жұмысы жауабының кодын ашу, емтихан алушының бағалауынан кейін бірден ЖОО АЖ жүйесімен автоматты түрде жүргізіледі.

Университет қолданатын ukgu-kz.antiplagiat.ru базасы анықтаған барлық күдікті құжаттар (таңбаларды ауыстыру, қайталанатын тыныс белгілерін пайдалану және т.б.) жазбаша емтихан нәтижелерінің күшін жою туралы актіге (Ж қосымшасы) сәйкес бағалауға жатпайды.

6.4. Өкілеттілік пен жауапкершілік

6.4.1. Плагиатқа қарсы жүйені басқаруға (жазбаша емтихандарды тапсыру кезінде білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеруді қоспағанда) СДД-нің Антиплагиат бөлімі жауапты болады.

Жазбаша жұмысты тексерудің дұрыстығы және белгіленген мерзімде тексеру нәтижелері туралы Анықтама беруіне - кафедра сарапшысы жауапты болады.

6.4.2. Құрылымдық бөлімшелердің (кафедралардың) сарапшылары Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрығымен тағайындалады.

6.4.3. Сарапшылар жұмыстарды қабылдау мен тексеруді, жұмыстарды тексеру Анықтамаларын беруді және оларды авторларға беруді жүзеге асырады.

Плагиатқа арналған материалдарды тексеру жөніндегі жұмысты орындайтын барлық құрылымдық бөлімше үшін, әрбір оқу жылына, плагиатқа қарсы жүйені жеткізушісімен жасалған шартта айқындалған тексерулер саны шеңберінде Антиплагиат бөлімі квоталар белгілейді. Квоталардың сақталуына жауапкершілік құрылымдық бөлімшелердің сарапшылары мен кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 13 беті
---	---	--

6.4.4. Кафедра сарапшылары плагиатқа қарсы жүйенің базасын тек кафедраның білім алушылары мен қызметкерлерінің жұмысын тексеру үшін пайдалана алады.

6.4.5. Жазбаша жұмыстардың мәтінінің қағаз және электрондық нұсқасының антиплагиат жүйесінде тексеруге уақытылы ұсынылуы және сәйкестігі үшін жауапкершілік - ғылыми жетекшілер мен білім алушыларға, ПОҚ ұжымына жүктеледі.

6.4.6. Бітіруші кафедралардың меңгерушілері төмендегі мәселелерге жауапты:

- осы Ереженің орындалуына (білім алушылар мен ПОҚ-тың жазбаша жұмыстарына қойылатын барлық критерийлердің сәйкестігі);

- эксперттер мен жауапты тұлғалардың білім алушылар мен кафедра қызметкерлерінен түскен жазбаша жұмыстардың қағаз және электрондық нұсқаларының толық сәйкестігін тексеруді тиісінше жүзеге асыруы үшін.

6.4.7. Емтихандарды жазбаша түрде тапсыру кезінде, білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру үшін плагиатқа қарсы жүйе базасына енгізу жауапкершілігі - цифрландыру департаментіне жүктеледі.

6.4.8. Кафедра сарапшыларының жұмысында сәйкессіздік анықталған жағдайда, плагиатқа қарсы бөлім қызметкерлері СЖЖСМ - мен бірлесіп, жазбаша жұмыстарды тексеру ресімінің бұзылуы туралы Акт жасайды (**Е қосымшасы**) және одан әрі іс-шаралар қабылдау үшін ОҚУ –дің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне» тапсырады.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 14 беті
---	---	--

А қосымшасы

(міндетті)

Жазбаша жұмысты плагиатқа қарсы жүйесінде тексеру жүргізу
процедурасымен танысу үшін өтініш үлгісі

Ф. 8.14 -01

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Жазбаша жұмыстағы кірме материалдарының бар-жоғын және
төлдаралығын анықтау үшін, плагиатқа қарсы жүйе базасында
тексеру жүргізу процедурасымен танысу туралы

ӨТІНІШ

Мен, _____,
Т.А.Ж.

_____ мамандығының, _____ курсының магистранты, докторанты (студенті),

_____ тақырыбындағы,
менің жұмысым: _____

жұмыс түрлері (курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, магистірлік, докторлық диссертация және т.б.)

академиялық адалдық ережесіне сәйкес антиплагиат жүйесімен
тексерілетіндігін, плагиаттың анықталуы, жазбаша жұмысты қорғауға
жібермеуге негіз болып саналатындығы туралы таныстырылдым.

Баспадан және электронды көздерден, сондай-ақ бұрын қорғалған
жазбаша жұмыстар, кандидаттық және докторлық диссертациялардан алынған
деректердің барлығы сәйкесінше сілтемелерге ие.

Қолы _____ Мерзімі _____

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 15 беті
---	---	--

Б қосымшасы
(міндетті)
Апелляцияға өтініш беру формасы

Ф. 8.14 -02

АМ жөніндегі проректорға _____
(ҒЖЖИ жөніндегі проректорға _____)
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің»
_____курс студентті, магистранты (докторанты)
«_____», бағыты/мамандығы

ӨТІНІШ

Менің КЖ (КЖ), ДЖ (ДЖ) және магистрлік (докторлық) диссертациямды, мақаламды кірме материалдардың бар-жоғын тексеру нәтижелерімен келіспеу мәселесі бойынша апелляциямды қарауыңызды сұраймын. Өзім келесі аспектілерді түсіндіруді қажет деп санаймын:

(келіспеушіліктің түсіндірмесі келтіріледі, фактілерді жоққа шығару, авторлықты немесе дұрыс дәйексөзді дәлелдеу және т. б.)

Мерзімі _____ Қолы _____

Институт директорының / факультет (ЖМ) деканының өтінішті қабылдағаны туралы белгі

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 16 беті
---	---	--

В қосымшасы
(міндетті)

Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын плагиатқа қарсы жүйесінде
тексеруді тіркеу журналының үлгісі

Ф. 8.14 -03

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ**



**Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын плагиатқа қарсы жүйесінде
кірме материалдардың бар-жоғына тексеруді тіркеу журналы**

Факультеті / ЖМ _____
Кафедра _____

Жауапты (сарапшы) _____
(Т.А.Ж., қолы)

Журналдың жүргізілген күні _____ ж.

Журналдың аяқталған күні _____ ж.

Шымкент, 202__

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 17 беті
---	---	--

**В қосымшасының жалғасы
(міндетті)**

Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тіркеу журналы

№ тіркеу	Жазбаша жұмысты және өтінішті тіркеу күні	Білім алушының Т. А. Ж.	Топ/ БББ шифры	Жазба жұмыс түрлері:(КР (КП), СРО, ДЖ(ДЖ), мақала және т.б.)	Жауапты (сарапшының) қолы (жазбаша жұмысты тексеруге қабылдағанын куәландыратын)	Тексеру нәтижесі, % төлдаралығы		Оң нәтиже көрсеткендігі не анықтама берілген күн	Анықтама алған білім алушының қолы
						1- тексеру	2-тексеру		

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 18 беті
---	---	--

Г қосымшасы

(міндетті)

ПОҚ жазбаша жұмыстарын плагиатқа қарсы жүйесінде тексеруді тіркеу
журналының үлгісі

Ф.8.14-04

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ**



**ПОҚ жазбаша жұмыстарын антиплагиат жүйесінде
кірме материалдардың бар-жоғына тексеруді тіркеу журналы**

Факультеті / ЖМ _____

Кафедрасы (бөлімше) _____

Жауапты (сарапшы) _____

(Т.А.Ж., қолы)

Журналдың жүргізілген күні _____ ж.

Журналдың аяқталған күні _____ ж.

Шымкент, 202__

Қазақстан Республикасы ҒжЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 19 беті
---	---	--

Г қосымшасының жалғасы
(міндетті)

ПОҚ жазбаша жұмыстарын тіркеу журналы

Тіркеу №	Жазбаша жұмысты және өтінішті тіркеу күні	Т.А. Ж. ПБҚ	Жазбаша жұмыс түрі (мақала, монография, оқулық, оқу-әдістемелік құрал және т. б.)	Жауапты (сарапшының) қолы (жазбаша жұмысты тексеруге қабылдағанын куәландыратын)	Тексеру нәтижесі, % түп нұсқалығы		Оң нәтиже көрсеткендігіне Анықтама берілген күн	Анықтама алған білім алушының қолы

Д қосымшасы
(ақпараттық)
Плагиатқа қарсы тексеру Анықтамасының формасы

Ф.8.14 -05



СПРАВКА

Южно-Казахстанский университет имени
М.Ауэзова

о результатах проверки текстового документа
на наличие заимствований

ПРОВЕРКА ВЫПОЛНЕНА В СИСТЕМЕ ANTIPLAGIAT.VUZ

Автор работы:
Самоцитирование
рассчитано для:
Название работы:

Тип работы:
Подразделение:



Структура документа: Проверенные разделы: основная часть с.1-2, библиография с.2

Модули поиска: ИПС Адилет; Библиография; Сводная коллекция ЭБС; Интернет Плюс; Сводная коллекция РГБ; Цитирование; Переводные заимствования (RuEn); Переводные заимствования по eLIBRARY.RU (EnRu); Переводные заимствования по eLIBRARY.RU (KkRu); Переводные заимствования по Интернету (EnRu); Переводные заимствования по Интернету (KkRu); Переводные заимствования (KkEn); Переводные заимствования издательства Wiley; eLIBRARY.RU; СПС ГАРАНТ: аналитика; СПС ГАРАНТ: нормативно-правовая документация; Медицина; Диссертации НББ; Коллекция НБУ; Перефразирования по eLIBRARY.RU; Перефразирования по СПС ГАРАНТ: аналитика; Перефразирования по Интернету; Перефразирования по Интернету (EN); Перефразирования по коллекции издательства Wiley; Патенты СССР, РФ, СНГ; СМИ России и СНГ; Шаблонные фразы; Модуль поиска "ukgu-kz"; Кольцо вузов; Издательство Wiley; Переводные заимствования

Работу проверил: _____

ФИО проверяющего

Дата подписи: _____

Подпись проверяющего



Чтобы убедиться в подлинности справки, используйте QR-код, который содержит ссылку на отчет.

Ответ на вопрос, является ли обнаруженное заимствование корректным, система оставляет на усмотрение проверяющего. Предоставленная информация не подлежит использованию в коммерческих целях.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 21 беті
---	---	--

Е қосымшасы
(міндетті)

Жазбаша жұмыстардың тексеру процедурасы бұзылғаны туралы
акт формасы

Ф.8.14-06

«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

БЕКІТЕМІН

СДЖИ бойынша проректоры
_____ Т.А.Ж.

КОЛЫ

« ____ » _____ 20 ж.

**Жазбаша жұмыстардағы кірме материалдардың бар-жоғына
жүргізілген тексеру процедурасын бұзу туралы**

АКТ

Шымкент қ.

« ____ » _____ 20 ж.

Біз, төмендегі қол қоюшылар, СДД директоры _____ Т.А.Ж.),
СЖЖСМО басшысы _____ Т.А.Ж.), «Антиплагиат» бөлімінің
басшысы _____ Т.А.Ж.), осы актіні жасадық:

нәтижесінде (себептерін көрсету): _____

Келесідей кемшіліктер орын алды:

СДД директоры _____

СЖЖСМО басшысы _____

Плагиатқа қарсы бөлім басшысы _____

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 22 беті
---	---	--

Ж қосымшасы

Жазбаша емтихан нәтижелерін жою туралы акт үлгісі

Ф.8.14-07

«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Жазбаша емтихан нәтижелерін жою туралы АКТ

Шымкент қ-сы

«__» _____ 2023ж.

Жазбаша жұмыстардағы кірме материалдардың бар-жоғына жүргізілген тексеру процедурасын бұзу туралы Актіге сәйкес № __, " __ " _____ 2023ж., келесі білім алушылардың емтихан нәтижелерін жою туралы шешім қабылданды:

№	Білім алушының АЖТ	Құжаттың коды	Тексеру уақыты	Ескерту

Растайтын құжаттар қоса берілді.

Бірінші проректор _____ АЖТ

СДЖИ проректоры _____ АЖТ

Антиплагиат бөлімінің бастшысы _____ АЖТ

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБМ «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ	Сапа менеджменті жүйесі «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ- да кірме материалдардың бар-жоғын тексеру туралы Ереже	СМК ЮКУ Е 8.14-2023 04 нұсқа 23 беттің 23 беті
---	---	--

II қосымшасы

Ф.4.01-08

Өзгерістерді тіркеу парағы

№	№ өзгеріс туралы хабарлама	Өзгерісті бекіту күні	Осы құжатқа өзгеріс енгізілді		
			Өзгерістер енгізуді жүзеге асыратын тұлғаның Т.А.Ж.	Қолы	Мерзімі